

М.Н. Сыздық^{1*}, Б.Е. Сагындыкова², Г.Т. Алимбекова³

¹М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Шымкент қ.

²Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қазақстан, Шымкент қ.

³Қоғамдық пікірді зерттеу орталығы, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail.: makpal_s@list.ru

ӘЛЕМДІК ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ АУТИЗМ СПЕКТРІНІҢ КҮЙЛЕРІНЕ НЕГІЗГІ КӨЗҚАРАСТАР

Бұл мақалада әлемдік зерттеулердегі авторлардың инклюзивті білім беру саласында аутизм спектрінің күйлеріне түрлі көзқарастарын және Қазақстандық қоғамда аутизм диагнозы бар адамдарға тұрғындардың көзқарасы туралы арнайы зерттеуге арналған. Зерттеу мақсаты – Шымкент қаласы тұрғындарының аутизм диагнозы бар адамдардың қоғамдағы орны туралы ойын зерттеу. Мақалада аутизм диагнозы қойылған балалардың денсаулығындағы физикалық және психологиялық ауытқулардың деңгейі және оларға қоғамның әсері туралы нақты статистикалық деректердің талдауы сипатталған.

Зерттеудің әдіснамалық негізі онлайн сауалнаманы (Google forms) ақ қар әдісін пайдалана отырып, әлеуметтік желілер арқылы жүргізілді. Алынған мәліметтерге сәйкес осы санаттағы балалардың инклюзивті білім алуға дайындығының объективті мүмкіндіктері анықталды.

Нәтижелерге сүйене отырып, авторлар инклюзивті білім беру саласындағы мемлекеттің әлеуметтік саясатын талдаудың маңыздылығы және осы салада реформалар жүргізудің маңыздылығы туралы қорытынды жасайды. Бұл факт мүгедектердің қоғамнан оқшаулануына, олардың бейімделу, қарым-қатынас және өзара әрекеттесу мәселесіне айтарлықтай әсер етеді. Сондай-ақ қоғамдағы аутизм және мүгедектік диагнозы бар адамдарды теориялық тұрғыдан ғана емес, эмпирикалық контексте қарастыратын әлеуметтік зерттеулердің ауқымын кеңейту маңызды болып көрінеді. Бұл зерттеудің нәтижелері елімізде соңғы күндері болып жатқан өзгерістерден туындаған жаңарып жатқан әлеуметтік, саяси, экономикалық, мәдени жағдайларда Қазақстан қоғамының одан әрі дамуы үшін ерекше маңызды болып табылады.

Түйін сөздер: инклюзивті білім беру, аутизм спектрінің күйі, аутизм, инклюзивті білім берудегі әлеуметтік саясат.

M.N. Syzdyk^{1*}, B.E. Sagyndykova², G.T. Alimbekova³

¹M. Auezov South Kazakhstan University, Kazakhstan, Shymkent

²South Kazakhstan state pedagogical university, Kazakhstan, Shymkent

³Center for the study of public opinion, Kazakhstan, Almaty

*e-mail.: makpal_s@list.ru

Basic approaches to autism spectrum conditions in the field of inclusive education in world studies

This article is devoted to the study of different approaches of the authors of world studies to autism spectrum conditions in the field of inclusive education and the views of the population on people diagnosed with autism in Kazakh society. The purpose of the study is to study the public opinion of the population of the city of Shymkent about the situation of people diagnosed with autism and disabilities in society. The article describes an analysis of actual statistical data regarding the levels of physical and psychological abnormalities in the health of children diagnosed with autism of society on them.

The methodological basis of the study was the snowball method through social networks using an online survey (Google forms). In accordance with the data obtained, the objective possibilities of readiness of this category of children to receive inclusive education were determined.

Based on the results, the authors conclude about the importance of analyzing the state's social policy in the field of inclusive education, and the importance of carrying out reforms in this area. This fact significantly affects the isolation of disabled people from society, the problem of their adaptation, communication and interaction. It also seems important to expand the range of social research that considers people diagnosed with autism and disabilities in society not only in a theoretical, but also in an empirical context. The results of this study have practical significance for further research in the field

of inclusive education and the further development of modern Kazakhstani society in changing social, political, economic and cultural conditions.

Key words: inclusive education, the condition of the autistic speculator, autism, social policy in cognitive education.

М.Н. Сыздық^{1*}, Б.Е. Сағындықова², Г.Т. Алимбекова³

¹Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Казахстан, г. Шымкент

²Южно-Казахстанский государственный педагогический университет, Казахстан, г. Шымкент

³Центр изучения общественного мнения, Казахстан, г. Алматы

*e-mail.: makpal_s@list.ru

Основные подходы к состояниям аутистического спектра в области инклюзивного образования в мировых исследованиях

Данная статья посвящена изучению основных подходов авторов мировых исследований к состояниям аутистического спектра в сфере инклюзивного образования и взглядам населения на людей с диагнозом аутизм в казахстанском обществе. Целью исследования является изучение общественного мнения населения города Шымкент о положении людей с диагнозом аутизм в обществе. В статье описаны анализ фактических статистических данных, касающихся уровней физических и психологических отклонений в состоянии здоровья детей с диагнозом аутизм и влияние общества на них.

В качестве методологической основы исследования использовалось метод «снежного кома» через социальные сети с помощью онлайн-опроса (Google forms). В соответствии с полученными данными, были определены объективные возможности готовности данной категории детей к получению инклюзивного образования.

По результатам исследования авторы делают вывод о важности анализа социальной политики государства в сфере инклюзивного образования и значимости проведения преобразований в данной сфере. Данный факт значительно влияет на изолированность инвалидов от общества, проблему их адаптации, коммуникации и взаимодействия. Также представляется важным расширение спектра социальных исследований, рассматривающих людей с диагнозом аутизм и инвалидностью в обществе не только в теоретическом, но и в эмпирическом контексте. Результаты данного исследования имеют практическую значимость для дальнейших исследований в области инклюзивного образования и дальнейшего развития современного Казахстанского общества в изменяющихся социальных, политических, экономических и культурных условиях.

Ключевые слова: инклюзивное образование, состояние аутистического спекта, аутизм, социальная политика в инклюзивном образовании.

Кіріспе

Білім алу әр қоғамда маңызды құндылық қатарында болған, ол адамның тек өзіне емес, сонымен бірге қоғамдық қызметтің барлық салаларына қатысу үшін де өте маңызды. Сол себепті білім әр адам үшін керек. Бүгінгі күні ол әсіресе физикалық немесе психологиялық денсаулығында ауытқуы бар адамдар үшін маңызды. Өкінішке орай, мұндай ерекшеліктері бар адамдардың білім алу барысында көп кедергілерге кезігуі қоғамда кең таралған, тіпті әлемнің кейбір бөліктерінде өздерінің ерекше қажеттіліктеріне байланысты білім алу құқығынан бас тарту әлі де бар.

Мақалада денсаулығында ерекшеліктері бар адамдар ретінде аутизмді диагнозы қойылған балалардың орта білім алу барысында қандай кедергілерге ұшырап жатқандығын және оның шешімі ретінде инклюзивті білім беру жүйесінің атқарып жатқан жұмыстары туралы түрлі зерт-

теулерге шолу жасау арқылы мәселені терең түсінуге тырысамыз.

Инклюзивтік білім берудің мақсаты білім беруді мүмкіндігі шектеулі адамдардың қажеттіліктеріне бейімдеу арқылы білім алу құқығын іске асыру болып табылады. Сол себепті, ерекше қажеттіліктері бар балаларды оқытатын білім беру ұйымдары білім беру бағдарламаларын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке даму ерекшеліктері мен әлеуетті мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдеуі тиіс. Алайда, қоғамда инклюзивті білім беру саласын дамытатын арнайы бағдарламалар мен іс-шаралардың жүргізіліп жатқандығына қарамастан бұл салада өзекті мәселелер өте көп, сол мәселелердің негізгі тобын немесе оған әсер ететін факторларды анықтау барысында арнайы осы сала бойынша ғылымда жоғары талқылауға түскен зерттеулердің нәтижелеріне шолу жасау арқылы қол жеткізуге болады. Бұл мақала өзінің алдына инклюзивті білім беру жүйесі мен аутизм диагнозы бар ба-

лалардың арасындағы байланыс пен өзекті мәселелерді анықтау және олардың тобын құрастыруды мақсат етіп қояды.

Мақалада тақырып аясында шетелдік зерттеулерге шолу жүргізу мен арнайы авторлардың зерттеулерінің нәтижесі жарияланып, келесідей сұрақтарға жауап беруге бағытталады: Инклюзивті орта білім беру жүйесі қандай? Әлемде аутизм диагнозы бар балалардың білім алуында қандай кедергілер бар? Денсаулығында ерекшелігі бар балаларды оқытуда әлемде инклюзивті білім беру саласында қандай өзекті мәселелер тобы бар? Қазақстанда адамдар аутизм диагнозы бар адамдарға қалай қарайды?

Аутизм спектрінің күйлері – бұл қарым-қатынаста қиындықтармен, әлеуметтік өзара әрекеттесумен және ерекше тар мүдделермен немесе қайталанатын мінез-құлық үлгілерімен сипатталатын, ерте балалық шақтан бастап өмір бойы жалғасатын жүйке даму жағдайларының жиынтығы (ДДҰ, 2016).

Аутизмнің жаһандық таралуы бүкіл әлемде ерлер мен әйелдердің қатынасы 3:1-ден 4:1-ге дейін болатын таралуы туралы зерттеулерге шолу негізінде халықтың 1 пайызына бағаланады (Лай және соавт., 2014: 896–910). Аутизм диагнозы қойылған адамдардың білім алуы мен жұмыспен қамтылуында өзекті мәселелер өте көп. Ол туралы зерттеулердің нәтижелері медицина саласы мен әлеуметтік-гуманитарлық салада басым.

Аутизмді ерте анықтау және оған ерте жас-тан бастап көмек беру аутизм диагнозы бар адамдарға тілдік дамуды, мінез-құлық пен танымдық дағдыларды жақсарту арқылы пайда әкеледі (Варрен және соавт., 2011: 1303–1311). Таным мен оқыту, әлеуметтік, эмоционалды және психикалық денсаулық, қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу саласындағы қолдау аутизм диагнозы бар балалардың дамуы үшін айтарлықтай артықшылықтарға әкелуі мүмкін екендігі анықталды.

Инклюзивтік білім берудің мақсаты білім беруді мүмкіндігі шектеулі адамдардың қажеттіліктеріне бейімдеу арқылы білім алу құқығын іске асыру болып табылады.

Тарихи тұрғыдан алғанда, мүмкіндігі шектеулі адамдар жиі зардап шегеді және әлемнің көптеген бөліктерінде әлі күнге дейін білім алу құқығынан кең және пропорционалды түрде бас тартудан зардап шегеді. Көптеген елдерде мүмкіндігі шектеулі балалар білім алмайтын мекемелерге жіберіледі және өмір бойы қоғамнан оқшауланады. Басқа елдерде мүмкіндігі шектеулі балалар тұрғылықты жеріндегі жалпы білім беретін мектептерге емес, жеке мектептерге ба-

руға мәжбүр. Мүмкіндігі шектеулі балалардың көптеген қоғамдарда білім алуға қол жеткізудегі үлкен кедергілері мүгедектердің жұмыспен қамтылуының төмен деңгейіне және кедейліктің пропорционалды емес деңгейіне әкелді.

Бұл тұрғыда халықаралық құқық бүкіл әлемде мүгедектердің білім алу құқығын жүзеге асыруда делдал рөлін атқарады. Мүгедектердің құқықтарын қорғау жөніндегі ең соңғы, ажырамас және міндетті заңды күші бар халықаралық құрал ретінде Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция (МКТК, 2006) олардың білім алу құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды ұсынады. Бұл Конвенцияның нормативтік ынталандыруы барлық әлеуметтік-экономикалық секторлардағы мүмкіндіктері шектеулі адамдардың инклюзивті теңдігі болып табылады. Осы тұрғыда оның 24-бабы білім беру секторындағы мүмкіндігі шектеулі оқушыларды шеттету және маргиналдау мұрасына нақты жауап береді. Мемлекет білім беру кезінде теңдік пен кемсітпеушілік құқығына кепілдік береді. Ең бастысы, 24-бап «инклюзивті білім беруді» адам құқығын тең деп тани отырып, жаңа көзқарастар ашады. Инклюзивті білім беруді адам құқығының тең ретінде тану көбінесе инклюзивті болып табылады және оқытудың әртүрлі қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескеретін білім беру жүйесін жаһандық насихаттаудың шарықтау шегі болып табылады.

Аутист балалар үшін тең және инклюзивті білім берудің маңыздылығын растайтын дәлелдер базасы аутист балалардың білім алу құқығын қолдайтын жаһандық, дәлірек айтсақ, жалпы еуропалық білім беру саясатын дамытуда үнемі көрініс табады. Аутист балалардың құқықтарын қорғайтын және алға жылжытатын ең маңызды саясатты Біріккен Ұлттар Ұйымы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында тұжырымдады (БҰҰ, 1948), онда «әр адамның білім алуына, толық дамуына бағытталған негізгі құқығы бар» делінеді. Ратификациядан кейін ол алдағы онжылдықтардағы адам құқықтары саласындағы саясаттың, стратегияның және іс-қимылдың негізіне айналды. Мұнан кейін Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция (МКТК, 2006) «мүгедектер өздері тұратын қауымдастықтардағы басқалармен қатар инклюзивті, сапалы және ақысыз бастауыш және орта білім алуға қол жеткізе алады» деп жарияланды.

Қазақстанда арнайы және инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базасы келесідей заңнамалық құжаттарға сүйенеді (АИБД ҰҒПО, 2021): Қазақстан Республикасында білім беруді

және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы, «Білім туралы» ҚР Заңы (толықтырулармен). «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» заң. «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» заң. «Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» ҚР заңы, «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» заң, Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. (Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 410-VI ҚРЗ).

Инклюзивті оқытудың академиялық және әлеуметтік артықшылықтарын көрсететін зерттеулер соңғы жылдағы білім беру саясатының эволюциясын анықтады. Нәтижесінде мүмкіндігі шектеулі, соның ішінде аутистік спектрдің бұзылуы бар көптеген оқушылар инклюзивті ортада, бірінші кезекте жалпы білім беретін ортада білім алады.

2019 жылы Р. Кессель, А. Роман-Уррестараз, А. Руигрок «Аутизм және отбасының ЕО-да білім алу құқығына қатысуы: Нидерланды, Бельгия және Германиядағы саясатты картаға түсіру» атты ғылыми мақаласы Молекулярлық аутизм журналында жарияланған. Мақалада мүмкіндігі шектеулі адамдардың білім алу құқығы адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында және мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияда атап өтіледі делінеді. Сонымен қатар, авторлар Дания, Швеция және Финляндиядағы аутист балалардың білім алу құқығы мен ерекше білім беру қажеттіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған саясатты түсіндіруге тырысады. Авторлар әдіснамалық негіз ретінде зерттеулік және әдеби шолуды пайдалана отырып жүргізді. Бұл қол жетімді деректерді тез жинауға мүмкіндік берді, соның негізінде қабылданған саясаттың кестесі жасалды (Кессель және соавт., 2019: 234-245).

Мақала барысында авторлар Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының және мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияның құндылықтары зерттелетін елдердің тиісті білім беру жүйелерінде нақты жүзеге асырылды, олар білім беруде ерекше қажеттіліктері бар

адамдарға қызмет көрсетуді және мүмкіндігінше көп балаларды қамту үшін қаралайым білім беруді қолдауды ұсынды деп бағалайды. Білім беру жүйелерін салыстыруға болатынына қарамастан, зерттелетін елдердегі тәсілдер біршама ерекшеленеді. Дания мен Швеция мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы білім беру қажеттіліктеріне бағытталған мектептерге қабылдайтын болса, ал Финляндия оларды жалпы білім беру мектептеріне қабылдайды.

Дания ерекше білім беру қажеттіліктерін қолдай отырып, денсаулығында ерекшеліктері бар балаларды білім беру жүйесіне кіріктіру үшін білім беру жүйесінде көптеген мектептерге қабылдады.

Зерттеушілердің жинақтаған ақпараттары бойынша барлық елдер барлық балалар үшін білім алу құқығы саяси деңгейде интеграцияланған және ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуға қатысуына мүмкіндік беретін шаралар қабылданатын жағдайға жетті. 2019 жылдан бастап инклюзивті білім беруді ерекше қажеттіліктерді қанағаттандыру нысаны ретінде жүзеге асыруға әрекет жасалды.

Сонымен бұл зерттеу Нидерландыда, Германияда және Бельгияда аутизммен ауыратын адамдардың білім алу құқығы туралы ақпарат берді. Барлық үш елде білім алу құқығы туралы Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының құндылықтары ұлттық заңнамаға біріктірілді. Барлық балалар білім алу құқығын пайдалана алатындай ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша қызметтері мен арнайы мектептері бар. Барлық елдер ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша қызметтерді қажет ететін мектептер арқылы қамтамасыз етуді реттеді, Бельгиядағы неміс тілді қоғамдастықты қоспағанда, ол үшін жеке бөлім құрылды. Ата-аналардың белсенді қатысуы Нидерланды мен Финляндия заңнамасына енгізілген, ал басқа аймақтарда олар баланың ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша білім беріп, баланың қай мектепке баратындығын шешу құқығын қалдырады. Бүгінгі күнге дейін білім беру және аутизмге қатысты саясат саласындағы зерттеулер шектеулі.

Зерттеу әдіснамасы

Мүмкіндігі шектеулі оқушылар жалпы білім беру жүйесіне кіргеннен кейін, олардың мұғалімдері оқу бағдарламасына, сондай-ақ сыныптағы әлеуметтік мүмкіндіктерге тең қол жеткізуге ықпал ететін интеграция тәжірибесін қамтамасыз етуде және қолдауда шешуші рөл

атқарады. Алайда, инклюзивтілік көптеген оқушылар үшін, көбінесе аутист оқушыларды қоса алғанда, жоғары деңгейге жете алатындығы көрсетілгенімен, интеграцияланған сыныптарда инклюзивті тәжірибені енгізу артта қалып отырғандығы туралы зерттеулер мен ғылыми мақалалар саны басым. Ол мақалалардың басым бөлігі инклюзивті білім беру саласында мұғалімдердің кәсіби дамуын жақсартуға ұсыныстар жасаумен және осы тақырыпты толық зерттеумен байланысты.

Түрлі зерттеулердің нәтижелерінде орта мектеп мұғалімдері өз сыныптарында интеграция стратегиясын белсенді пайдаланбауы мүмкін деп айтылған. Мысалы, аралас әдістердің үлкен зерттеуінде М.Ж. Сегалл мен Ж.М. Кэмпбелл (Сегалл, Кэмпбелл, 2012: 1156–1167) «Аутистік спектрдің аурулары бар оқушыларды қосу үшін білім беру саласындағы мамандардың сыныптық практикасына байланысты факторлары» атты мақаласында жалпы және арнайы білім беру мұғалімдері инклюзияның маңыздылығын бірдей түсінсе де, жалпы білім беру мұғалімдері мүмкіндігі шектеулі оқушыларға инклюзивті білім берудің озық тәжірибесін қолдануын жетік меңгермегендігі туралы өздерінің өткізген арнайы зерттеулеріне сүйене отырып жазады. Авторлардың зерттеулерінде инклюзияның тиімділігіне мұғалімдердің мүмкіндіктері шектеулі оқушылар туралы пікірлері және олардың инклюзияға бейімділігі де әсер етеді. Яғни, мүмкіндігі шектеулі оқушыларды немесе инклюзивті білім беруді тиімсіз пайдалану мұғалімдердің мүмкіндігі шектеулі оқушылармен жұмыс дайындығына және олардың осы оқушыларды сынып жұмысына тиімді біріктіре алатындығына деген сеніміне теріс әсер етуі мүмкін.

Сонымен қатар, А.К. Ван Рейзен, А.Р. Шохо, и К.С. Баркер (Рейзен және соавт., 2001: 7–17) «Орта мектеп мұғалімдерінің инклюзияға қатынасы» атты мақаласында жалпы білім беретін 125 мұғалімнің ішінде инклюзияға теріс көзқарасы бар респонденттер арнайы білім беру саласында жеткілікті білімі немесе дайындығы жоқ адамдар болғанын анықтады. Мұғалімдерді қабылдау мүмкіндігі шектеулі оқушылардың сәтті интеграциясына айтарлықтай әсер етуі мүмкін екенін ескере отырып, оқушыларға қолайлы оқу ортасын құруда мұғалімдерді қалай жақсы қолдау керектігін анықтау үшін осы көзқарастарды түсіну керек. Бұл зерттеу мұғалімдерінің инклюзивтік білім беруге және мектептің төменгі сыныптарындағы оқушы мен мұғалімнің қарым-

қатынасына әсер ететін аутизм спектрінің бұзылуы және олардың тәжірибелері туралы ақпарат жинауға бағытталған.

2019 жылы Дж. Блахер, Б.Л. Бейкердің (Блахер, Байкер, 2019: 2810–2821) жүргізген зерттеулердің нәтижелеріне сүйене отырып, аутист оқушылар мазасыздық, эмоцияны реттеудің бұзылуы, ұқыпсыздық және деструктивті мінез-құлық сияқты эмоционалды және мінез-құлық қиындықтарына сезімталдықтары жоғары болады. Атап айтқанда, балалардың мінез-құлқындағы проблемалар мұғалімнің стресстің жоғары деңгейіне, оқытудың тиімділігінің төмен деңгейіне және оқушылар мен мұғалімдер арасындағы қарым-қатынас сапасының нашарлауына ықпал ететіні әрқашанда дәлелденді.

Сонымен, қорытындылай келе, инклюзивті білім беру жүйесінде аутист оқушыларға жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері үшін қиын міндет болып көрінуі мүмкін. Себебі олар өздерінің әдеттегі тәжірибелерін көбінесе қажетті қолдау немесе алдын ала дайындық оқытуынсыз әлеуметтік, эмоционалды және мінез-құлық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін бейімдеуге мәжбүр болады.

Ю. Болурян, А. Лош және Н.Хамшо 2021 жылы (Болурян және соавт., 2021: 3977-3990) «Аутизмнің жалпы білім беру мұғалімдерінің қарым-қатынас құру стратегиялары мен инклюзивті практикасы» атты мақаласында осы салада арнайы бағдарламаны әзірлеуге итерактивті көзқарасты қолдана отырып, бірінші қадам жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің аутизм спектрінің бұзылған оқушыларға көзқарастарын зерттеу үшін фокус-топтар құру болды: олардың аутизм спектрінің бұзылғандар туралы көзқарастары, аутист оқушыларды сабаққа тиімді тарту үшін қолданатын стратегиялары және олар сыныпта басқа оқушылармен оң қарым-қатынас орнатуға қалай ықпал етеді. Алдыңғы зерттеудің нәтижелері бойынша жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері аутист оқушылар туралы біршама теріс пікір білдіріп, қарым-қатынасты тиімді енгізу және жақсарту стратегиясына бірқатар жалпы және нақты жауаптар береді деген болжам жасалды. Осы фокус-топтардың нәтижелері қолданыстағы зерттеулердің нәтижелерімен бірге, кейіннен кәсіби дамудың кең бағдарламасы үшін дәлелдер базасын құру үшін пайдаланылды.

Осы зерттеуде жалпы білім беру саласының мұғалімдері академиялық және әлеуметтік-эмоционалды нәтижелерді ескере отырып, инк-

люзивті сыныптар аутист оқушылардың жетістіктерін арттырады деп санайтын бірнеше стратегия туралы айтады. Аутист оқушыларға ерекше жұмыс немесе міндеттер тағайындау инклюзияны алға жылжыту үшін айтылған ең маңызды стратегия болды. Оқушыларға сынып жұмыстарын бөлуге мүмкіндік бере отырып, оқушылар оқу процесі мен басқарудың ажырамас бөлігі бола алады. Аутизмді бар оқушыларға сыныптағы белгілі бір рөлдер пайдалы болуы мүмкін, өйткені бұл рөлдер оларды одан әрі просоциалдық мінез-құлыққа итермелеуі мүмкін. Сонымен қатар, қатысушы мұғалімдер еске салғыштар, кестелер және таймерлер сияқты көрнекі құралдарды қолдануды жоғары бағалады. Бұл стратегиялар визуалды қолдау есту нұсқаулары мен ақпаратты өңдеуде қиындықтарға тап болған оқушылар үшін, соның ішінде аутизм спектріндегі оқушылар үшін тиімді болатындығын және көптеген академиялық дағдылар мен мінез-құлықтарды, соның ішінде тапсырмаларды орындау және олардың арасындағы ауысуларды нысанаға алу үшін қолдануға болатындығын көрсететін зерттеулермен негізделген (Болурян және соавт., 2021: 3977-3990).

Авторлардың пікірінше сынып жоспарын стратегиялық түрде құра отырып, әр түрлі оқу іс-шаралары арқылы оқуды тиімді жеңілдетуге болады (мысалы, бүкіл топ, шағын топ) және оқушыларға қолайсыздықты азайтуға болады. Антицеденттерге негізделген проактивті стратегиялар аутист оқушыларға дағдыларды үйрету мен просоциалдық мінез-құлықты қалыптастыру үшін дәлелдерге негізделген, осы стратегиялардың кейбіреулерінің маңыздылығы төмен болды, бұл болашақ мұғалімдердің тренингтерінде назар аудару керек саланы көрсетеді. Сондай-ақ, зерттеу нәтижесінде авторлар отбасылық қатынастар мен ынтымақтастық туралы пікірлер тудырды (отбасы/үй қатынастары, ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы қатынастар), дегенмен бұл стратегиялар сәйкесінше салыстырмалы түрде төмен деңгейіне ие болды, бұл мұғалімдер отбасы мен мектеп арасындағы серіктестік қарым-қатынасты міндетті түрде қарастырмайды. Отбасылық ынтымақтастыққа қолдаудың жоқтығы мұғалімдердің ата-аналардың қатысу деңгейіне наразылығын көрсетеді. Сонымен, отбасы мен мектеп арасындағы серіктестік мұғалімдердің инклюзивтілікке ықпал ететін іс-шараларына назар аударуды қажет ететін тағы бір сала болуы мүмкін.

1-кесте – Жалпы білім беру мұғалімдерінің аутизмді, инклюзивті тәжірибені және қарым-қатынас құру стратегияларын қабылдауы

Сіздің сыныпта болған аутист оқушы туралы ойларыңыз. Осы аутист диагнозы бар оқушы туралы ойланғанда қандай сөздер немесе тіркестер есіңізге түседі?	
Жауап категориялары мұғалімдердің ауызына жауаптары осы категориялар бойынша топтастырылды.	Байқалады
Әлеуметтік байланыстардың болмауы	1,89
Сенсорлық сезімталдық	1,72
Әлеуметтік өзара әрекеттесудегі қиындықтар	1,56
Эмоцияны реттеудің бұзылуы	1,39
Бағытталған немесе бекітілген мүдделер	1,33
Күнделікті / құрылымдық	1,22
Импульсті басқару	0,89
Көзге тіке қараудың болмауы	0,56
Ләззат	0,44
Қайта бағыттау қиын	0,39
Әлеуметтік дағдылардың болмауы	0,33
Күрделі мінез-құлық	0,33
Агрессия	0,28
Ашулану оңай	0,22
Меншік ниеті	0,22
Эгоцентрилік	0,22
Көңілді	0,17
Ерекше	0,17
Физикалық	0,11
Рухы мықты	0,05

Авторлардың жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде мақтауға және оң бағалауға байланысты стратегиялар (мысалы, сыныпты мақтау шеңберлеріне тарту, жағымды кері байланысты қамтамасыз ету және ерекше таланттарды / күшті жақтарды пайдалану) әр түрлі дәрежеде қатысуға ықпал ету құралы ретінде сипатталған. Ерекше таланттар мен күшті жақтарды көрсету жоғары бағаланғандардың арасында болды. Сонымен қатар, бекітілген инклюзивті стратегиялар жеке лендірудің белгілі бір дәрежесін көрсетеді, мысалы, оқушылардың мүдделерін пайдалану және қызығушылыққа негізделген ынталандырумен байланысты нақты мақсаттар. Бұл мұғалімдердің оқушылардың ерекше қызығушылықтарын күшейту ретінде, не оларды оқу бағдарламасына тарту құралы ретінде түсінетіндігін және пайда-

ланатындығын білдіреді және бұл перспективалы деп санайды авторлар (Болурян және соавт., 2021: 3977-3990).

Қорытындылай келе, аутизм диагнозы бар мектеп оқушыларына инклюзивті білім беру саласын дамыту барысында біршама факторларға бағдарлана алатын арнайы жүйенің даму бағдарламаларын жасаудың қажеттілігі әлемдік деңгейдегі мәселе екендігін көруге болады. Бұл саланы жетілдіруде зерттеу бағыттарын инклюзивті білім беру саласындағы құжаттар, сонымен қатар, әр мемлекеттік және дүние жүзілік инклюзивті білім беру саласындағы әлеуметтік саясаттың орындалу деңгейі мен оның бағдарламалық жағдайын қарастыратын зерттеулер, инклюзивті білім алушы мен оған мектептің әкімшілігінің, мұғалімдердің, сыныптастарының қатынасы туралы зерттеулер мен жалпы қоғамдағы инклюзивті білім беру саласына халықтың қатынасы мен олардың бұл саланы түсіну деңгейіне зерттеу жүргізу маңызды.

Мақаланың маңыздылығын көтеру мақсатында арнайы Шымкент қаласының тұрғындарының аутизм диагнозы бар адамдарға қатына-

сы мен көзқарастарын анықтауға байланысты арнайы зерттеу жүргізілді. Зерттеудің мақсаты жалпы осы қаланың тұрғындарының аутизм диагнозына және мұндай диагноз қойылған адамдарға, сонымен бірге мүмкіндігі шектеулі адамдар туралы ойын анықтаумен байланыстырылды.

Зерттеудің құралы ретінде онлайн сауалнама таңдалып алынды. Іріктеу жиынтығы 100 респондентті құрады. Ақ қар әдісін пайдалану арқылы респонденттерге арнайы сауалнаманы толтыруға байланысты нұсқаулық пен сауалнаманың онлайн сілтемесі әлеуметтік желілерді пайдалана отырылып жіберілді. Онлайн сауалнама – Google forms бағдарламасы арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу нәтижелері осы бағдарламаның көмегімен талданды.

Нәтижелер мен талқылама

Зерттеу арқылы алынған ақпараттарды саралай келе, тұрғындардың жалпы аутизм туралы көзқарастарын анықтау мақсатында аутизммен байланысты аңыздардың легі топтастырылды.

2-кесте –Зерттеудің демографиялық көрсеткіштері

№	Жас тобы	Жынысы		Ұлты	
		Ер	Әйел	Бас жинытықтың 73%-ы қазақ ұлтынан және 27% өзге ұлт өкілдерінен құралған.	
				Қазақ	Өзге ұлт өкілдері
1.	18-29 жас	15	20	25 респондент	10 респондент
2.	30-39 жас	10	12	14 респондент	8 респондент
3.	40-49 жас	8	15	15 респондент	8 респондент
4.	50-63 жас	5	8	12 респондент	1 респондент
5.	64 жастан жоғары	2	5	7 респондент	0 респондент
	Жалпы саны	40	60	73	27
	БАРЛЫҒЫ	100 РЕСПОНДЕНТ			



1-сурет – Аутизммен байланысты аңыздар


Респонденттердің пікірінше, аутизм ол тек әдеттердің қалыптасуымен пайда болатын синдром (65%), яғни ол туа біткен емес, қоғамда теріс қылықтарды бойына сіңірумен байланысты пайда болған және жүре біткен синдром деп басым көпшілігі ойлайды. Сондай-ақ, аутизмді дұрыс тәрбие берілмеумен байланыстыратындар да көп (61%). Аутизм синдромы бар адамдардың интеллектуалды артта қалуымен байланыстыратындар бас жиынтықтың 25% құрайды. Оны генетикалық ауру ретінде интерпретация жасайтындар – 19% құрайды.

Зерттеуге қатысқан респонденттердің басым бөлігі аутизм синдромының басталу кезеңін 3-11 жастағы балалар аутизмімен байланыстырады (39%). 3 жасқа дейінгі аутизмі бар балалар қоғамда

жоғары деген пікірдегі респонденттер мен (26%) аутизмді туа біткен синдром ретінде (20%) қарайтындар да аз емес. Жасөспірімдік кезеңде пайда болатын синдром ретінде аутизмді қарастыратын респонденттер бас жинтықтың 13%-ын құрады.

Зерттеуге қатысқан респонденттердің пікірлерінше, аутизм диагнозы бар адамдар әлемде өте көп (58,10%), олар ақпаратты тез әрі нақты есте сақтау қабілетіне ие адамдар (41,90%).


Зерттеуге қатысушылардың басым бөлігі аутизм диагнозы бар адамдарды көп кездестірмеген, алайда мұндай диагнозы бар адамдар туралы естіген, көрген (48%), сонымен қатар, мұндай диагнозы бар адамдарды ешқашан кездестіргендер де бар (33%), алайда 16% респонденттің аутизм диагнозы бар таныстары бар.




2-сурет – Сіздің пікіріңізше, аутистік синдромның бұзылуы қай жаста басталады?



3-сурет – Сіз «Аутизм диагнозы бар адамдардың – өте дарынды адамдар» деген оймен келісесіз бе?




4-сурет – Сіз аутизм диагнозы бар адамдарды қаншалықты жиі кездестіргенсіз?



5-сурет – Егер сіз аутизм диагнозы бар адамды кездестірсеңіз, ол адамға өзгеше қарар едіңіз бе?

«Егер сіз аутизм диагнозы бар адамды кездестірсеңіз, ол адамға өзгеше қарар едіңіз бе?» деген сұраққа респонденттердің басым бөлігі жауап беруге киналды (51,60%) және қандай

қарым-қатынас жасайтындықтарын білмейді (22,60%). Зерттеуге қатысқандардың «иә, өзгеше қараймын» дегендері бас жинтықтың 9,70% құраса, ал 16,10%-ы «жоқ» деген жауап қатты.



6-сурет – Сіздің пікіріңізше, аутизм синдромы бар бала дүниеге келген отбасыда екінші баланың дені сау болып туылуы мүмкін бе?

Аутизм синдромы бар бала дүниеге келген отбасыда екінші баланың дені сау болып туылуы мүмкін немесе мүмкін емес деген ойлардың анық немесе нақты ақпарат екендігін анықтау барысында зерттеудің берген нәтижелері «жоқ, бұл аңыз» (42%) деген ойға тоқталды. Бұл ақпараттың нақтылығына басым көпшілігі күмәнда болуы мүмкін, себебі бас жиынтықтың 41%-ы

сұраққа жауап беруге қиналды. Респонденттердің «иә, ол қалыпты жағдай» деп жауап қайтқандары – 9%, «иә, өте төмен» деп санайтындар бас жиынтықтың – 8%-ын құрады.

Зерттеудің қорытынды сұрағы қоғамның аутизмге көзқарасын анықтаумен байланысты, «Сіздің пікіріңізше, қоғам аутизм синдромы бар балаларға қандай көзқараста?»



7-сурет – Сіздің пікіріңізше, қоғамда аутизмге синдромы барларға қандай көзқараста?

Зерттеудің нәтижесі көрсеткендей қоғамда аутист адамдар дискриминацияға ұшырайды (64%). Аутизм синдромы бар адамдар өздерін қоғамнан бөлек ұстайды (18%), ол басқа адамдармен араласудан қорқады (12%) және олар қоғамдық байланыс іздейді, бірақ ол мүмкін емес (6%) деп ойлайтын респонденттер де болды.

Зерттеуге қатысқан респонденттердің аутистік синдроммен байланысты ақпараттану деңгейіне нақты ақпараттардың қажет екендігі зерттеу нәтижелерін сараптамадан өткізу барысында байқалды. Сол себепті, зерттеулердің ауқымы мен алдына қоятын мақсаттарын кеңейтудің қажеттігі бар деген қортынды жасауға болады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, жалпы Қазақстанда ерекше білім беру қажеттілігі бар 162 мыңнан астам бала немесе балалардың жалпы санының 2,7% – ы бар. Бұл балалардың барлығы сапалы және теңдей тегін орта білім алуға құқылы. Сол себепті, бұл балалардың денсаулықтарындағы физикалық, психологиялық ауытқулардың деңгейлерімен байланысты нақты статистикалық мәліметтерге талдау жасап, олардың инклюзивті білім алуға қанша пайызы дайын екендігін

анықтаудан бастап, инклюзивті білімге деген тұрғындардың, білім беру ұйымдарының мамандарының, оқушылардың, денсаулық сақтау мамандарының қатынасын жан-жақты зерттеуден өткізе отырып, мемлекеттің инклюзивті білім беру саласы бойынша жүргізіп жатқан әлеуметтік саясаты мен оның құжаттарына талдау жасау маңызды.

Зерттеудің нәтижесін қорытындылай келе қоғамда аутист адамдарды бөліп жаратындығын көруге болады. Осының салдарынан аутизм синдромы бар адамдар өздерін қоғамнан бөлек ұстағысы келеді және басқа адамдармен араласудан қорқады. Тіпті олар қоғамда адамдармен қарым қатынас іздейді, адамдармен араласқысы келеді, бірақ кейбір респонденттер яғни адамдар ол мүмкін емес деп ойлайды.

Зерттеуге қатысқан барлық адамдардың аутистік синдромы бар адамдар туралы хабардарлық деңгейің төмен екенін және оларды толық қанды ақпараттандыру керек екендігі зерттеу нәтижелері барысында байқалады. Сол себепті, аутизм синдромы бар адамдар туралы зерттеулер барысында адамдарды осы мәселе бойынша ақпараттандыру керек және осы зерттеу алдына қоятын мақсаттарын кеңейтудің қажеттігі бар деген қортынды жасауға болады.

Әдебиеттер

- Acedo C. Preparing teachers for inclusive education // *PROSPECTS*. – 2011. – №41(3). – Б. 301–302. (DOI:org/10.1007/s11125-011-9198-2).
- Blacher J., Baker B. L. Collateral Effects of Youth Disruptive Behavior Disorders on Mothers' Psychological Distress: Adolescents with Autism Spectrum Disorder, Intellectual Disability or Typical Development // *Journal of Autism and Developmental Disorders*. – 2011. – № 49(7). – Б. 2810–2821. DOI:org/10.1007/s10803-017-3347-2.
- Bolourian Y. General Education Teachers' Perceptions of Autism, Inclusive Practices, and Relationship Building Strategies // *Journal of Autism and Developmental Disorders*. – 2021. – №52(4). – Б. 3977–3990. DOI:10.1080/20473869.2021.1966600.
- Van Kessel R., Roman-Urrestarazu A., Ruigrok A., Holt R., Commers M., Hoekstra R. A., Czabanowska K., Brayne C., Baron-Cohen S. Autism and family involvement in the right to education in the EU: policy mapping in the Netherlands, Belgium and Germany // *Molecular Autism*. – 2019. – № 10(1). – Б. 234–245. DOI:org/10.1186/s13229-019-0297-x.
- Van Reusen A. K., Shoho A.R., Barker K. S. High school teacher attitudes toward inclusion // *The High School Journal*. – 2001. – № 84(2). – Б.7–17 (www.researchgate.net/publication/285743779_High_school_teacher_attitudes_toward_inclusion).
- Warren Z., McPheeters M. L., Sathe N., Foss-Feig J. H., Glasser A., Veenstra-VanderWeele J. A Systematic Review of Early Intensive Intervention for Autism Spectrum Disorders // *PEDIATRICS*. – 2011. – №127 (5). – Б. 1303–1311. DOI:org/10.1542/peds.2011-0426.
- International Statistical Classification of Diseases and Related Health Problems 10th Revision // World Health Organisation. – 2016. – №5. (<http://apps.who.int/classifications/icd10/browse/2016/en#/F84.5>).
- Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 8 қаңтардағы № 410-VI ҚРЗ // Әділет:Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық құқықтық жүйесі (<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000410>).
- Lai M.C., Lombardo M.V., Baron-Cohen S. Autism // *SEMINAR*. – 2014. – № 383(9920). – Б. 896–910. DOI:org/10.1016/s0140-6736(13)61539-1.
- Magnusson G., Goransson, K., Lindqvist G. Contextualizing inclusive education in educational policy: the case of Sweden // *Nordic Journal of Studies in Educational Policy*. – 2019. – №5(2). – Б. 67–77. DOI:org/10.1080/20020317.2019.1586512.
- Pappas M., Papoutsis C., Drigas A. Policies, Practices, and Attitudes toward Inclusive Education: The Case of Greece // *Social Sciences*. – 2018. – №7(6). – Б. 90–98. DOI:org/10.3390/socsci7060090.
- Roche S. Education for all: Exploring the principle and process of inclusive education // *International Review of Education*. – 2016. – №62(2). – Б. 131–137. DOI:org/10.1007/s11159-016-9556-7.
- Schiemer M. Inclusive Education and the UN Convention on the Rights of Persons with Disabilities (UNCRPD) // Education for Children with Disabilities in Addis Ababa, Ethiopia. – 2017. – №4. – Б. 175–186. DOI:org/10.1007/978-3-319-60768-9_11.
- Segall M. J., Campbell J. M. Factors relating to education professionals' classroom practices for the inclusion of students with autism spectrum disorders // *Research in Autism Spectrum Disorders*. – 2012. – №6 (3). – Б. 1156–1167. DOI:org/10.1016/j.rasd.2012.02.007.
- Convention on the rights of persons with disabilities // *United Nations Human Rights office of the high commissioner*. №45(1). – 2008 (<http://www.ohchr.org/EN/HRBodies/CRPD/Pages/ConventionRightsPersonsWithDisabilities.aspx#3>).
- Universal Declaration of Human Rights // *United Nations*. – 2015. (http://www.un.org/en/udhrbook/pdf/udhr_booklet_en_web.pdf).

References

- Acedo C. (2011) Preparing teachers for inclusive education. *PROSPECTS*, no 41(3), pp. 301–302. DOI:org/10.1007/s11125-011-9198-2.
- Blacher J., Baker B. L. (2017) Collateral Effects of Youth Disruptive Behavior Disorders on Mothers' Psychological Distress: Adolescents with Autism Spectrum Disorder, Intellectual Disability, or Typical Development. *Journal of Autism and Developmental Disorders*, no 49(7), pp.2810–2821. DOI:org/10.1007/s10803-017-3347-2.
- Bolourian Y. (2021) General Education Teachers' Perceptions of Autism, Inclusive Practices, and Relationship Building Strategies. *Journal of Autism and Developmental Disorders*, no 52(4), pp.3977–3990. (https://link.springer.com/article/10.1007/s10803-021-05266-4?error=cookies_not_supported&code=0ccac27d-605b-4992-937c-dd8f96ebd0b2#citeas).
- Convention on the rights of persons with disabilities. (2008) *United Nations Human Rights office of the high commissioner*, no 45(1). <http://www.ohchr.org/EN/HRBodies/CRPD/Pages/ConventionRightsPersonsWithDisabilities.aspx#3>.
- Lai M.C., Lombardo M.V., Baron-Cohen S. (2014) Autism. *SEMINAR*, no 383(9920), pp. 896–910. DOI:org/10.1016/s0140-6736(13)61539-1.
- Magnusson G., Goransson, K., Lindqvist G. (2019) Contextualizing inclusive education in educational policy: the case of Sweden. *Nordic Journal of Studies in Educational Policy*, no 5(2), pp. 67–77. DOI:org/10.1080/20020317.2019.1586512.
- Pappas M., Papoutsis C., Drigas A. (2018) Policies, Practices, and Attitudes toward Inclusive Education: The Case of Greece. *Social Sciences*, no 7(6), pp.90–98. DOI:org/10.3390/socsci7060090.
- Qazaqstan Respublikasynyñ Zañy 2021 jylgy 8 qañtardağy № 410-VI QRZ // Ädilet:Qazaqstan Respublikasynyñ normativtik qūqyqtyq aktleriniñ aqparattyq qūqyqtyq jüiesi [Law of the Republic of Kazakhstan]. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000410>.
- Roche S. (2016) Education for all: Exploring the principle and process of inclusive education. *International Review of Education*, no 62(2), pp.131–137. DOI:org/10.1007/s11159-016-9556-7.

Schiemer M. (2017) Inclusive Education and the UN Convention on the Rights of Persons with Disabilities (UNCRPD). *Education for Children with Disabilities in Addis Ababa, Ethiopia*, no 4, pp.175–186. DOI:org/10.1007/978-3-319-60768-9_1.

Segall M. J., Campbell J. M. (2012) Factors relating to education professionals' classroom practices for the inclusion of students with autism spectrum disorders. *Research in Autism Spectrum Disorders*, no 6(3), pp.1156–1167. DOI:org/10.1016/j.rasd.2012.02.007.

Universal Declaration of Human Rights. (2015) *United Nations*, (http://www.un.org/en/udhrbook/pdf/udhr_booklet_en_web.pdf).

Van Kessel R., Roman-Urrestarazu A., Ruijgrok A., Holt R., Commers M., Hoekstra R. A., Czabanowska K., Brayne C., Baron-Cohen S. (2019) Autism and family involvement in the right to education in the EU: policy mapping in the Netherlands, Belgium and Germany. *Molecular Autism*, no 10(1), pp. 234-24. DOI:org/10.1186/s13229-019-0297-x.

Van Reusen A. K., Shoho A.R., Barker K. S. (2001) High school teacher attitudes toward inclusion. *The High School Journal*, no 84(2), pp. 7–17. (www.researchgate.net/publication/285743779_High_school_teacher_attitudes_toward_inclusion).

Warren Z., McPheeters M. L., Sathe N., Foss-Feig J. H., Glasser A., Veenstra-VanderWeele J. (2011) A Systematic Review of Early Intensive Intervention for Autism Spectrum Disorders. *PEDIATRICS*, no 127(5), pp. 1303–1311. DOI:org/10.1542/peds.2011-0426.